

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 наурыз N 1786. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.06. N 536 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.05.06. N 536 қаулысымен. P990536_

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің қарауындағы су шаруашылығы ұйымдарының және аумақтық органдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су

ресурстары жөніндегі комитетінің құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 шілдедегі N 1153 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 34, 311-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 наурыздағы
N 1786 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Су ресурстары жөніндегі комитеті (Ауылшарминінің
Суресурскомы) туралы
ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасының халқының, экономика салаларының, табиғи кешендерінің сумен тұрақты жабдықталуына қол жеткізу.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады және құрамына өзендер, көлдер, батпақтар, тоғандар, су қоймалары, басқа да жерүсті су көздері, сондай-ақ каналдардың және арналы су айдағыштар, жерасты сулары, мұздықтар, Каспий және Арал теңіздерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі сулары кіретін республиканың су қорын басқаруды жүзеге асырады, суды ластанудан, қоқыстану мен сарқылудан қорғауды ұйымдастырады, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың су шаруашылығы қызметін жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып үйлестіреді.

2. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

Комитет аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігін ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Судың пайдаланылуы мен қорғалуын басқарумен және бақылаумен байланысты шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне бөлінетін республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

3. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Басымдықтары

Комитет қызметінің негізгі басым бағыттары мыналар болып табылады: халықты экономика салаларын, табиғи кешендерді тиісті сападағы және қажетті мөлшердегі сумен қамтамасыз ету;

су ресурстарын қалпына келтіру, олардың қолда бар көлемін арттыру, су көздерінің ластануы мен сарқылуын болдырмау;

су ресурстарын мемлекетаралық аумақаралық және салааралық бөлу.

III. Міндеттері

4. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының аумағында су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу;

экологиялық талаптарды, халықтың және экономика салаларының суға деген қажеттілігін, су қорының сарқылуын және суды ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды, өзендердің, көлдер мен су қоймаларының жай-күйін жақсартуды ескере отырып, оның кешенді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

министрліктердің, ведомстволардың және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың су шаруашылығы қызметін үйлестіру;

шекарааралық су бассейндері мен мемлекетаралық су өткізу арналарының су ресурстарын бірлесіп пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша іргелес мемлекеттермен ынтымақтастық жасау;

су шаруашылығын аудандастыру принциптеріне және халықтың, экономика салалары мен табиғи кешендердің суға деген қажеттілігіне сәйкес аумақтар мен өзендер бассейндері тұрғысынан су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың негізгі бағыттарын әзірлеу;

судың пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу саласында ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру;

су ресурстарын пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру;

су шаруашылығы объектілері мен кешенді мақсаттағы су құбырларын, сондай-ақ су ресурстарының қалыптасуына және оларды бөлуге ықпал ететін су көздеріне орналасқан гидротехникалық құрылғыларды пайдалану.

IV. Функциялары

5. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

су қатынастары және жерді мелиорациялау мәселелері жөніндегі заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

су қорын жинау мен оны тұтыну лимиттерін белгілеуді қоса алғанда, су ресурстарын реттеу мен бөлуді өзен бассейндерінің су шаруашылығы учаскелерінде су ресурстарын аймақаралық және облысаралық бөлу мен қайта бөлуді жүзеге асырады;

табиғат қорғау органдарымен келісе отырып, жерүсті су көздерінен арнайы су пайдалануға рұқсаттамалар береді және жерасты су көздерінен арнайы су пайдалануға рұқсаттамалар беруді келіседі;

кәсіпорындар мен объектілерді салу, қайта жаңғырту, кәсіпорындарды, ғимараттарды орналастыру жобаларын келісу кезінде су пайдаланудың барлық түрлеріне техникалық шарттарды беруді ұйымдастырады;

су тұтынуға норма белгілеуге арналған ережелерді әзірлейді және бекітеді;

су қорын ұтымды пайдалануда мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

су тұтынудың техникалық шарттарының, белгіленген лимиттерінің сақталуына, жерүсті су объектілеріне сарқынды сулардың құйылуына, жерүсті суларының сапасына жедел бақылауды ұйымдастырады, сондай-ақ жерүсті суларынан арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттамалардың күшін жояды;

салааралық және кешенді мақсаттағы су шаруашылығы объектілерінің жұмыс режимін реттеуді жүзеге асырады;

су қоймаларын, кешенді мақсаттағы арналы су құбырларын, мемлекетаралық, салааралық және облысаралық, ауданаралық және шаруашылықаралық мақсаттағы каналдарды, су бөгендерін, гидротораптарды, арна реттеу, жаға бекіту құрылғыларын, қорғау дамбалары мен тікелей су көздерінде орналасқан басқа да объектілерді пайдалануды жүзеге асырады;

су шаруашылығы объектілері мен құрылғыларын, мелиорация жүйелерін пайдаланудың техникалық деңгейін көтеру жөнінде жұмыс жүргізеді;

су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау тораптарын әзірлеуге, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуге, салааралық, облысаралық, аймақаралық және шаруашылықаралық мақсаттағы су шаруашылығы объектілерін салуға, мелиорациялау шараларын жүзеге асыруға, қала және қала үлгісіндегі елді мекендердің аумақтарынан тысқары жерлерде, көлдерде, су қорғау аймақтарында жағалауды бекіту және басқа да жұмыстарды, су қоймаларын көркейтуді орындауда тапсырысшы функцияларын атқарады;

жер қойнауын қорғау және гидрометеорология органдарымен бірлесіп суды мемлекеттік есепке алуды және мемлекеттік су кадастрын, мониторингін

жүргізуді жүзеге асырады;

суды пайдаланудың жиынтық жоспарларын дайындауды, сондай-ақ өзен бассейндері, экономикалық және өндіріс аудандары мен облыстары үшін қысқа мерзімді және перспективалық су шаруашылық балансын жасауды қамтамасыз етеді;

ұйымдардың су ресурстарын ұтымды пайдалануға және су көздерінің ластануының, қоқыстануының және сарқылуының алдын алуға қатысты су шаруашылығы және су қорғау қызметін үйлестіреді;

су қорғау шараларының орындалуына және судың пайдаланылуын алғашқы есепке алу талаптарының сақталуына басшылық пен бақылауды жүзеге асырады;

мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып заңдарда белгіленген тәртіппен шекарааралық суларды бірлесіп пайдалану мен қорғау бойынша келіссөздер жүргізуге, екіжақты және көпжақты келісімдер жасасуға қатысады;

су қоймаларының, өзендердің, көлдердің, су қорғау аймақтары мен алаптарының жай-күйін сақтау мен жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

су объектілеріндегі табиғи апаттар мен авариялық жағдайлардың салдарын болдырмау және жою жөніндегі шараларды әзірлеуді ұйымдастырады;

мемлекеттік табиғат, балық қорын қорғау, санитарлық қадағалау органдарымен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, кешенді мақсаттағы су қоймаларының пайдалану ережелерін бекітеді;

кешенді, салааралық және шаруашылықаралық мақсаттағы жаңадан салынған және қайта жаңғыртылған су шаруашылығы объектілерін пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады;

су шаруашылығы объектілерін (іске қосу кешендерін) пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссиялардың жұмыстарына қатысады;

жерүсті су объектілерін оқшау пайдалануға беру туралы қорытындылар береді және оқшау пайдалануға берілген су объектілеріндегі суды қайталама пайдалану шарттарын келіседі;

су ресурстарының жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы объектілерінің (олардың мақсатына, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамай) жобаларын және құрылыс салу, арна түбін тереңдету және өзге де жұмыстар жүргізу тәртібіне сараптама жүргізеді және келіседі;

су қоймаларын, көлдер мен өзендерді, суармалы жерлерді, сондай-ақ салааралық және шаруашылықаралық маңызы бар су шаруашылығы объектілерін сақтау мен олардың жай-күйін жақсарту жөніндегі жобалық құжаттаманы әзірлеуді ұйымдастырады;

су пайдаланудың барлық түрлеріне, су жеткізіп беру қызметі үшін тарифтерді

, оларды қолдану шарттарын мүдделі министрліктермен, ведомстволармен келісе отырып әзірлейді және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетіне бекітуге ұсынады;

су ресурстарының жай-күйі және пайдаланылуы туралы ғылыми-техникалық ақпаратты басып шығарады;

су үнемдеу технологияларын игеру, ауыз судың сапасын жақсарту және су көздерін қорғау жөнінде ұсынымдар әзірлейді.

V. Құқықтары

6. Комитеттің:

бұйрықтар шығаруға, Комитет жүйесіне кіретін барлық ұйымдарға өкімдер беруге және олардың орындалуын тексеруге;

суды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша өз құзыретінің шегінде азаматтар, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін нұсқаулар беруге;

заңдарда белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша Министрліктің басшылығына ұсыныстарды әзірлеуге және енгізуге;

саланы және оның жекелеген бағыттарын дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін қажет болған жағдайда шарттық негізде ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдарды қатыстыра отырып, тиісті мамандарды, сондай-ақ тиісті сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды таратуға;

су ресурстарының ұтымды пайдаланылуына, су көздерінің сақталуы мен жай-күйінің жақсаруына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға және жергілікті атқарушы органдардың қарауына жер үсті су объектілерін пайдалану құқықтарын тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

министрліктердің, ведомстволардың және өзге де орталық атқарушы органдардың су ресурстарын бөлу мен пайдалануды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келген жағдайда олардың күшін Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тоқтату немесе жою жөнінде заңдарда белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізуге;

мемлекеттік меншік иелігіндегі мүліктерді өз құзыреті мен өкілеттігінің шегінде пайдалануға;

су ресурстарының, су объектілерінің, суармалы жерлердің жай-күйі, пайдаланылуы мен қорғалуы мәселелері жөнінде тиісті министрліктерден, ведомстволардан және өзге де орталық атқарушы органдардан, заңды

тұлғалардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға, қажет болғанда оларға осындай ақпарат беруге құқығы бар.

VI. Қызметін ұйымдастыру

7. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет Төрағасының орынбасары болады, оны Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Комитет Төрағасы лауазымы бойынша сонымен бір уақытта Республикалық су шаруашылығы кеңесінің (Ирригация және дренаж жөніндегі ұлттық комитеттің) төрағасы және Мемлекетаралық су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының мүшесі болып табылады.

Комитеттің штат санын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі бекітеді.

8. Комитет Төрағасы:

Комитеттің және оған бағынысты мекемелердің, ұйымдардың кәсіпорындардың қызметіне басшылық жасайды;

Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке жауап береді;

Комитет аппараты қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін бекітеді; өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымы мен штат санын, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекітеді;

Комитет қызметкерлерін, Комитет жүйесіне кіретін ведомстволық

бағынысты ұйымдардың басшыларын, облыс әкімінің келісімі бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

<*>

колданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.30. N 1359

қаулысымен.

P981359_

9. Республикада су шаруашылығы мен жерді мелиорациялауды дамыту, халықты және экономика салаларын сумен қамтамасыз ету, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау, ведомстволық бағынысты ұйымдарды басқару әдістерін жетілдіру мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі алқасының қарауына материалдар дайындайды.

10. Комитетті тарату мен қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 наурыздағы
N 1786 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Су ресурстары жөніндегі комитетінің қарауындағы су
шаруашылығы ұйымдарының және аумақтық органдарының
ТІЗБЕСІ

Арал-Сырдария бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қызылорда қаласы

Балқаш-Алакөл бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Алматы қаласы

Ертіс бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Семей қаласы

Есіл бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Ақмола қаласы

Нұра-Сары су бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қарағанды қаласы

Тобыл-Торғай бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қостанай қаласы

Орал-Каспий бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Атырау қаласы

Шу-Талас бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Тараз қаласы

"Союзцелинвод" тресі, Петропавл қаласы (шаруашылық жүргізу құқығында)

Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорын,
Қарағанды қаласы (шаруашылық жүргізу құқығында)

"Қызылордаауылшарсуқұбыры" тресі, Қызылорда қаласы (шаруашылық жүргізу құқығында)

Тасөткел су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма, Жамбыл облысы,
Шу ауданы, Тасөткел селосы

"Суавтоматика" ғылыми-өндірістік орталығы, Шымкент қаласы
Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналын және Бартоғай су
қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма, Алматы қаласы (шаруашылық
жүргізу құқығында)

"Арал" салынып жатқан кәсіпорындардың біріктірілген дирекциясы,
Қызылорда қаласы

"Қазсуресурстары" "ғылыми-техникалық ақпарат орталығы, Алматы
қаласы

ЕСКЕРТУ. Тізбеден жолдар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.12.30.

№ 1359 қаулысымен.

P981359_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 наурыздағы
№ 1786 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Су ресурстары жөніндегі комитетінің құрылымы

Су ресурстары бөлімі
Мелиорация, су шаруашылығы құрылыстары және инвестиция бөлімі
Қаржы - экономика бөлімі